

## Қытай Халық Республикасынан Қырғыз Республикасына натрий цианидінің Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзитіне рұқсат беру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 8 қазан N 1300

"Экспорттық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 18 маусымдағы Z960009\_ Заңына және "Экспорттық бақылауға жататын өнімдер транзитінің кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 11 тамыздағы N 1143 P991143\_ қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Осы қаулыға қосымшада көрсетілген сан мен өту бағыты бойынша натрий цианидін жеткізуге арналған 1999 жылғы 6 желтоқсандағы N C-1131 шарт және 2001 жылы натрий цианидін жеткізуге арналған 2001 жылғы 11 маусымдағы N C-1238 қосымша шарт бойынша "СНИЕК Ксиньянг Корпорейшн Хоргос ЛТД" компаниясы (Қытай Халық Республикасы) "Кумтор Оперейтинг Компани" компаниясы (Қырғыз Республикасы) үшін жеткізетін натрий цианидінің Қытай Халық Республикасынан Қырғыз Республикасына Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзитіне рұқсат етілсін.

2. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі қолданыстағы Халықаралық темір жол жүк қатынасы туралы келісімге және басқа да нормативтік құқықтық кесімдерге сәйкес қауіпсіздіктің айрықша шараларын сақтай отырып, Қазақстан Республикасының аумағы арқылы темір жол көлігімен натрий цианидін тасымалдауды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден

комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының аумағы арқылы натрий цианидінің транзитіне бақылауды қамтамасыз етсін.

Z952368\_

V970267\_

4. Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі осы

қаулыны іске асыру мақсатында қажетті шараларды қабылдасын.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2001 жылғы 8 қазандағы

№ 1300 қаулысына

қосымша

1999 жылғы 6 желтоқсандағы № С-1131 шарт және 2001 жылғы  
11 маусымдағы № С-1238 қосымша шарт бойынша "СНИЕК Ксиньянг  
Корпорейшн Хоргос ЛТД" компаниясы (Қытай Халық Республикасы)  
"Кумтор Оперейтинг Компани" компаниясы (Қырғыз Республикасы)  
үшін жеткізетін натрий цианидінің  
Айрықшалауы

-----  
Р/с! Өнімнің ! СЭҚ ТН ! Өлшем ! Саны ! Тоннасына! Жалпы құны АҚШ  
N! толық атауы ! коды ! бірлігі! ! бағасы ! долларымен  
! ! ! ! ! АҚШ !  
! ! ! ! ! долларымен!  
-----

1 Натрий цианиді 283711000 тонна 1200 1589,45 1907340  
-----

Өту бағыты: Алашанкоу (Қытай Халық Республикасы) - Достық - Луговая  
(Қазақстан Республикасы) - Балыкчи (Қырғыз Республикасы).

Жүкті жөнелту кестесі:

1-жөнелту - 2001 жылғы қазан-қарашада - 347,28 тонна;

2-жөнелту - 2001 жылғы қараша-желтоқсанда - 852,72 тонна.

Мамандар:

Багарова Ж.А.,

Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК